

Туристік табиғатты пайдаланудың функциональдық моделі

- Дәрістің мақсаты: Туристік табиғатты пайдаланудың функциональдық моделін түсіндіру.
- Негізгі сөдер: табиғат, туризм, функциональдық модель, базис моделі, табиғи кешен, антпрогендік салмақ, тұрақтылық.

Туризм әлеуметтік құбылыс ретінде көптеген моделдермен көрінуі мүмкін. Солардың біреуі – туристік табиғатты пайдалану моделі, ол рекреациялық жүйенің базис моделімен байланасады.

Рекреациялық жүйенің базис моделі әр түрлі ғылым мен пәндердің өкілдері бір тілде сөйлесіп түсіну үшін құрылған, яғни көптеген жеке жұмыстарды бір-бірімен қосып барлық рекреациялық проблемаларды шешуде олардың орның анықтайды.

Зерттеу жұмыстарының мақсатына қарай базис моделі өзгеріп тұрады, өйткені оқудың аспектілері өзгереді, проблемалардың шеңбері тарылады, ал зерттеу жұмыстары тереңдей түседі. Осындай мақсаттар үшін рекреациялық жүйенің функциональдық моделі керек. Бұл моделдің базис моделінен айырмашылығы, ол табиғи кешеннің айналасына шоғырланады. Мұнда табиғи кешен шағын жүйелердің ең бастысы болып қызмет атқарады, басқа шағын жүйелермен тығыз байланысады.

Табиғи кешен – бұл функциональдық моделдің орталық шағын жүйесі. Табиғи кешен ретінде ландшафт, зона, аймақ, ал туристік маршрут салғанда – шатқал да болуы мүмкін.

Табиғи кешеннің жағдайы мынадай көрсеткіштермен: аудан (га), сыйымдылық (адам), рекреациялық салмақ (адам/га) анықталады және мынадай ерекшеліктерімен: тұрақтылық, аттрактивтілік, сенімділік сипатталады.

Табиғатты туристік мақсатта пайдаланғанда табиғи кешендерге рекреациялық салмақтың зерттеуіне негізгі назар аударылады.

Туристік табиғатты пайдаланудың функциональдық моделі шағын жүйелердің арасындағы байланысарды жүйелеуге мүмкіндік береді. Туристік ұйымдарды, маршруттарды жобалағанда табиғи кешендерге әсер ететін тұрақты халықтың антпропогендік тұрмыстық салмағын да ескеру керек. Сондықтан туристік ұйымдардың қызметкерлері, жобалаушылар туризмнің материалдық базаларына қойылатын экологиялық талаптарды сауатты құрастыру керек. Басқару шешімдерді қабылдағанда табиғи кешеннің тұрақтылығы, сыйымдылығы, комфорттылығы туралы толы мәліметтер болуы тиіс.

Табиғатты туристік мақсатта пайдаланғанда кейбір жобалаушылар қателер жіберу мүмкін. Мысалға, зерттеушілер есептеп шығарған, табиғи ресурсы мол бір аумақтың бірден 25 мың шаңғышыларды қабылдауға мүмкіндігі бар екен. Сол жерде 25 мың орны бар таушаңғы кешені жобаланған.

Бірақ жоба жасағанда мынадай жағдайларды ескермеген: бір шаңғышыға 0,8 адам қызмет көрсетеді, яғни 25 мың шаңғышыларға 20 мың қызметкерлер керек екен. Ал әрбір қызметкердің отбасысы бар, оларды ескергенде тұрақты халықтың саны 60 мыңға дейін жетеді. 60 мың адамға да қызмет көрсету керек қой. Оларға қызмет көрсету үшін тағы да 40 мың адам керек. Сонымен, таушаңғы кешеннің қасында 100 мың адамы бар қала салынады. Тау экожүйелеріне әсер ететін тұрмыстық антропогендік салмақтар күшеіп, табиғи кешеннің тұрақсыздығына әкеліп соғады.